



СЫРДА  
ӨТКЕН  
СӨЗСАЙЫС

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ  
БАСҚАРМАСЫ**

**СЫРДА ӨТКЕН  
СӨЗСАЙЫС**



**АЛМАТЫ  
2009**

**УДК 398**  
**ББК 82.3 (5 Каз)**  
**C-95**

**Пікір жазғандар:**

**Серікбай ҚОСАН,**  
*филология гылымдарының кандидаты*

**Асқар ТҰРҒАНБАЕВ,**  
*филология гылымдарының кандидаты*

**C-95**

**Сырда өткен сөзсайыс – Алматы: Arna-b, 2009. – 344 бет**  
**ISBN 978-601-7221-07-2**

Қызылорда облысы әкімдігінің қаржыландыруымен, Қызылорда облыстық Мәдениет басқармасының үйымдастыруымен, «Мәдени мұра» өнірлік бағдарламасы аясында жарық көріп отырған бұл жинаққа 1979-2006 жылдар аралығында, Қызылорда облысында өткізілген Республикалық, өлкелік дәрежедегі ақындар айтысының мәтіндері топтастырылған. Кітапқа енген 41 ақынның 33 жұп айтысы бұрын еш жерде жарияланбаған. Алаштың астанасында өткен сөз сайысының көркем үлгілері қазақ жырын қадірлейтін жалпы жұртшылыққа арналады.

**УДК 398**  
**ББК 82.3 (5 Каз)**

## АҚЫНДЫҚ ӨНЕРДІҢ АСҚАР ШЫНЫ

Ақындық өнердің ілкі бастау-бұлағын ұлық тұту, шаршы топқа түсіп, ақборан жырларын селдеткенде, арда шыққан сөз серкелерін ерекше құрметтеу тым ерте замандардан, сонау есте жок ескі күндерден бастау алады. Алғашқы дәнекерші-акындарды Құдайлар дүниесі мен Адамдар арасын байланыстыратын ең ескі тип ретінде қарастырған ғалымдарымыз, ақындық өнердің тылсым қасиеттерге толы орасан қызметіне сан мәрте айналып сокқан. Алайда, атамыш үрдістің өткені мен бүгінгі ахуалының арасындағы шешімі шиеленісті сан-тарау мәселе толық зерттеліп, зерделеніп болды деп әсте айта алмас едік. Алдымызға қойған мақсатымыз айтыс өнерінің арғы-бергі тарихын түгендер шығу емес — соңғы отыз жыл бедерінде Сыр топырағында болған акындар айтысының жиналыш, хатқа тұсу, сакталып, насхатталу мәселесіне қатысты азын-аулақ ойымызды ортаға салу болғандықтан, импровизаторлық өнерге қатысты өзекжарды мәселелерді жиыстыра тұрып, кейбір жайтарды ғана шолып өтпекшіміз.

1943 жылы Қызылордада бірінші рет өткізілген акындар айтысы сұрапыл соғыстан жігері жасып, әбден мұқала бастаған халықтың рухын көтеріп, тылдағы еңбеккерлерді ерен ерлікке жұмылдырған, шерлі көкіректерге үміт сәулесін үялатқан ерекше жиын болды. Бұған дейін қазақ арасында мазмұн-мағынасы руаралық талас-тартыстарға, ел жуандарының бәсеке-билігіне, ірілі-ұсақты өлеуметтік мәселелерге құрылыш, осы тұрғыда түйін таркатқан акындар айтысы, бұл жолы мұлдем өзге, өзекті мәселе көтерген. Араға жылдар салып, 1945 жылы екінші қайтара өткізілген айтыс, бейбіт елдің шырқын бұзған басқыншы жауды женғен қаһарман халықтың өлшеусіз шаттығының көрінісіне айналып еді. Содан кейінгі жылдары Сыр топырағында да акындар айтысы көген кескендей сап тиылған. Әйткені, ұлттың рухын көтеріп, қанындағы бұйығы сезімдерді бұлкілдетіп, батыр бабаларының ерлікке толы жорықтарын, игі-жаксылардың кіслік келбет қалыптастырыш ерекше қасиетін оятатын бұл өнердің түбір-тегінен қуатты қарудың күшін сезіп қалған Кеңестік идеологияның тыңшылары өздері белгілеп берген шенберден асырғысы келмей, акын атаулыны қия бастырмады.

Ұлттық рухымызды асқақтатқан айтыс өнері Сыр бойында араға 34 жыл салып барып, қайта жаңғырған. 1979 жылы Қызылордадағы Асқар Токмағамбетов атындағы Мәдениет үйінде Тың игерудің 25 жылдығына арналған облыстық акындар айтысына Әбдімұтәліп Қыраубаев, Манап Көкенов сынды

айтыскерлер катысып, алқалы жиынның алдында Сырдың саңлак жыршы-күйшілері өнер көрсетеді. Содан соң, Қазақ ССР-нің құрылғанына 60 жыл толуына орай үйымдастырылған республикалық ақындар айтысы халқымыздың біраз уақыт бойы токырап, ұмытыла бастаған ізгі өнерге деген іңкәр сүйіспеншілігін ояты. Халық жадында қайта жанғырды. Сол күндердегі сөз сайыстарына үзбей қатыса бастаған аралдық Әбілхан Маханов, Берекет Омаров, Бекбосын Қайракбаев, Бекұзак Тәнірбергенов, қазальлық Едіге Кішкенеев, жаңақорғандық Есіркеп Қонқабаев, Әмір Мәжитов, Нұрберген Тастаев, сырдариялық Әbdімутәліп Қыраубаев, Замаддин Ибадуллаев, Серік Өтеуов, жалағаштық Мырзағали Ақжолов, қармақшылық Кали Шыңғысов, шиелілік Арзулла Молжігітов, Махамбетқали Тұрсанов, қызылордалық Ниятolla Раманқұлов, Бибігүл Жаппасбаевалардың есімдері ақындар айтысының тарихынан өзіндік орын алған, өткен жылдардың сөз сайыстары мен бірге, жыр сүйер жүрттың есінде қалған белгілі белестер болды.

Айтыс өнеріне деген көзқарас өзгеріп, Кеңестік идеологияның сені бұзылған соң, республиканың тұқпір-тұқпірінде жаппай өткізіле бастаған ақындар айтысының алғашқы үйымдастырушылары ақын Темірше Сарыбаев, фольклор жинаушы Мардан Байділдаевтар болса, кейін қазақтың қабырғалы ақыны Жұрсін Ерман бұл өнерді ерекше шоу-бағдарламаға айналдырып, ұлт өнерінің құлап қалуға айналған тағы бір қабырғасын қайта тіктеді. Осы жолда жан аямай терін төкті. Жанкешті еңбегінің арқасында сөз өнерін селебедей сілтейтін жаңа бұын ақындарды тәрбиелеп шықты. Сөйтіп, қазақ айтысының бағын ашып, өркенін өрісті етті...

Сыр өнірінде дамыған суырыпсалма-импровизаторлық айтыс өнері бір кезде өзінің дәстүрлі бұлак-бастауларынан ажырап калып, арада ұзак мерзім өткенде, ескі өрнектің үлгісімен қайта қауышқанда, көптеген сипаттарынан көз жазып қалған еді. Жоғарыда аты аталған айтыс ақындарының дені далалық дәстүрден сузындалап, кәсіби айтыс өнерін толық менгеріп, алқалы жиында еркін көсілген майталмандар емес – жыршы, термеші, өнші, жазба ақындар, Кеңес үкіметі жүргізген қасаң идеология өз мұддесін жырлату үшін айтыс ақындарын қайта қалыптастыруға мәжбурлекен заманда сахна төрінен табылған жасампаздар.

Шынайы импровизаторлық өнер мен жазба поэзияның тізгінін қатар ұстаған Ерімбет Көлдейбекұлы, Базар Ондасұлы, Шораяқтың Омары, Жұсіп Ешниязов, Шегебай Бектасұлы, Мәнсүр мен Нартай Бекежановтар, Әлібек Бәйкенов, Әбділдә Жүргенбаев, Төлеубай Үркімбаев сияқты ақындардың үлгісі

кейінгі буынға қаншалықты дәрежеде жалғасқандығы туралы мардымды мәліметтердің аздығын осындай шиеленісті жайттардан іздең онтайлы. Сыр бойындағы импровизатор ақындар – Айнагұл Әбуова, Кенжебай Жұсіпов, Әбілхайыр Сыздыков, Серік Үйдірысов, Зухра Төлепова, Лена Әbdіхалықова, Онталап Нұрмаханов, Жұмабай Шерниязов, т.б. шығармашылығын қарастырғанда осындай мәселелердің әлі де зерттеле, зерделене түскені ауадай қажет. Жинаққа енген аталмыш айтыскерлердің көбісі бүгінде сахна төрінде, шаршы топта айтысады қойып кеткендіктерінің өзі бұл ойымызға біршама дәлел бола алады. Есесіне, соңғы жылдары облыстағы айтыскер ақындардың катары Айдос Рахметов, Шымберген Сұлейменов, Мұхтар Ниязов, Мұхтар Куандықұлы, Нұрмат Мансұров, Нұрдәulet Махамбетов, Еркін Садықұлы, Оразхан Сейілханов, Ерженіс Әбдиев, Дархан Оразымбетов, Сәкен Орынбасаров сынды жана есімдермен толыға бастады. Дәстүр сабактастығының бұл сипаты, әрине көніл көншітеді.

Жинақты құрастыру кезінде айтартылған кылышылтыктардың кездескенін айтып өтуіміз керек. Кітап дайындалып, айтыс мәтіндері іріктеле бастаған тұста, Сыр бойында өткен I-облыстық ақындар айтысының мәтіндері мүлдем сақталмағандығы анықталды. Әбдімүтәліп Қыраубаев, Әбілхан Маханов, Мырзағали Ақжолов, Қали Шыңғысов, Манап Көкенов, Едіге Кішкенеев, Замаддин Ибадуллаев, Махамбетқали Тұрсанов, Онталап Нұрмаханов, Бибігүл Жаппасбаева, Серік Өтеуов, Ниятолла Раманқұлов, Бекұзак Тәңірбергенов сияқты аға буын сөз зергерлерінің айтыстары Мәдениет басқармасына қарасты халық мұрасымен айналысатын мекемеде мүлдем жоқ болып шықты. Амал қанша, көз көрген ағалардың асыл рухына деген ерекше құрмет үшін тағы да өзіміз жинақтаған жеке архив материалдарына жүгінуге тұра келді. Тек, Шымберген Сұлейменов пен Руслан Әбілханұлының айтыстарының мәтінінен бастап Сырда өткен сөзсайыс нұскалары «Халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюссерлік орталығының» қорынан алынып берілді.

Алаш жұртының астанасында өткен сөз сайыс – суырып-салма ақындар айтысының жиырма жеті жылдық тарихын қамтитын қазақтың қанына біткен киелі сөз өнерінің үздік үлгілері рухани кәделерінізге жарай бергей!

Берік ЖҰСІПОВ,  
Кызылорда облыстық Мәдениет басқармасының бастыны

# ӘБДІМУТӘЛІП ҚЫРАУБАЕВ ПЕН МАНАП КӨКЕНОВ

Әбдімутәліп:

Көпшілік сөз кезегін маған бердің,  
Сөйлейін азғантай сөз шамам келсе,  
Мұтәліп сөзден қалай токталады?  
Бұл жерде өздерінді аман көрсे.  
Мәкеңе қарсылық жоқ қай уақытта,  
Киялдан ойлап сөзді табам десе.

Тың елі түлеп жатқан ұлан ғасыр,  
Тәгіп түр осы күнде жыр арнасын.  
Көсемі партияның жазып берген,  
Ya!, Мәке, оқыдың ба шығармасын?

Кенейіп осы күні керегесі,  
Тенелді бар елменен терезесі.  
Тойыңыз жиырма бес жыл құтты болсын,  
Тыңыңың болып жатқан мерекесі.

Елімнің ертені мен бүгініне,  
Қаламын қалай қоспай мен өніме.  
Той болып мерекелеп жатыр мынау,  
Тыңымның салсаң құлак дүбіріне.  
Тойыңыз бүгінгі күн құтты болсын,  
Мәке, қалай қарайсың бұл үніме?

Тұлпардай бәйге алатын жүрген жарап,  
Секілді көленкелі ұзын дарап.  
Майталман өлең айтса сүрінбеген,  
Талайдың шауып жүрсің алдың орап.

Басымыз себеппенен қосылып түр,  
Сынаушы тәрағасы отыр қарап.  
Сыртыннан атағынды естуші едім,  
Жүрсің бе аман-есен, акын Манап?



Ақын деп есептемен ешуақытта,  
Қағазға жазып алып айтса қарап.  
Жығылсан ңардан деген нақыл бар ед,  
Өзінмен айтысуға еттім талап.  
Көпке ортак шеберден қол, шешеннен сөз,  
Халыққа көрсетейік жатпай қарап.  
Өлеңмен талай жерге мәшіүр болдың,  
Дегендей қап түбінде жатпас болат.  
Ағалық- інілікпен сөйлесейік,  
Жел сөзге желікпейік кетіп ағат.


Өлеңің талай жерді жағалаған,  
Сондықтан халқың сүйіп бағалаған.  
Көбісін айтысқанның жеңіп жүрсің,  
Шеніңе анау-мынау бара алмаған.

Таймайтын тақыр мұзда мысал айтсам,  
Жорға деп ойлад жүрмін тағалаған.  
Адамсың сөзге шебер, өленге ұста,  
Сондықтан ағаң сені қалап алған.  
Айтайтын өз жайымды бір-екі ауыз,  
Құлак сал, Манап ақын, қара маған.

Мұтәліп көпті көрген кәрі тарлан,  
Бәйгенің өз тенінде алдың алған.  
Елудің тоғызында жасым келіп,  
Кісі емес шабысынан өлі танған.

Жарыска бүгінгі күн түсіп отыр,  
Бел байлаپ, «тәуекел» деп ырғи жолдан.  
Шамамның келгенінше шарықтайтын,  
Намысын ешкім беріп алмас қолдан.

Ауданым Сырдария Сыр бойында,  
Облыс өзінде ортак Қызылорда.  
Үш жылда ет пен сүтті артық беріп,  
Шығармай Қызыл Туды жүрміз қолдан.



Екі айы осы жылдың қорытындысы,  
Ауданым басқа ауданнан озық болған.  
Сондықтан облыстың Қызыл Туын,  
Тағы алдық мол табыспен етіп қорған.  
Желбіреп қос Қызыл Ту көлымда тұр,  
Жүйріктің бәйгесі сол ол жасалған.  
Шарапат жақсы адамнан дегендей-ак,  
Сөйлеп отыр жаңалығын Жаңақорған.

### Манап:

Уа!, халқым, сәлем бердім жалпынызға,  
Кемел жас, терең ойлы қартынызға.  
Алдымен өздеріңе сәлем беру,  
Ежелгі ақындық бар салтымызда.

Көп орын, көнілге жыр ұялатқан,  
Сауран мен Жаңақорған, Сығанақтан.  
Сол жерден сәлем алып келдім бүгін,  
Күн сүйген, енбек өнер жұрағаттан.

Құлан ақын тәлімін жиып алып,  
Атақты Әлшекейдің күйін алып,  
Қастерлеп аға үрпактың мұраларын,  
Келгенімді айтпайын бүгін неғып?

Ақынға шалқымаса шабыт келмес,  
Бас қостық деген осы, өнер өлмес.  
Айтыста тапқырлыққа тәк тұрмаса,  
Ешкімге жюри сыйлап бәйге бермес.

Мен емес карсыластан жасқанатын,  
Ұстазым әнші Нартай, Асқар ақын.  
Қайтқанмын талай рет дүбірлетіп,  
Қазак, өзбек, қарақалпак астанасын.

Мәке, інісің бе, ағасың ба?  
Отырмын байқай алмай шамасында.



Бас жақты есептесең жас бол қалып,  
Отырсың іні-ағаның арасында.

Бұл айтыс жұмбак емес ашық сыр ғой,  
Менің бұл айтқаным нанасың ба?  
Айтысқа бүгін келіп отқан жансыз,  
Жүргенмен басқа тірлік саласында.  
Ақын болсаң ақ көніл, жаны сырлы,  
Армандаушы ем жақсымен танысады.  
Бұрын-сонды қөрмеген қай ағасың?  
Сыртекі естуші едім табысынды.

Салыстырып көрейік артық-кемді,  
Көнеки, ортаға сал табысынды.  
Қорғауға Сырдарияны келген болсаң,  
Шынымен қолдан берме намысынды.  
Халқыма жырым мәлім, өнім мәлім,  
Талай рет ағымнан жарылғанмың.  
Бүгінгі айтыста біз кез кеп қалдық,  
Білемін жұртшылықтың сағынғанын.

Партияның қолғанат үгітшісі,  
Болған соң жай тасындей жалынадым.  
Тік тұрған Алматында талай санлақ,  
Айтыстың женіп алған қалың бағын.

А!, Мәке, мен қөрмеген ақын едің,  
Басқамен шатаспасаң неғылғаның.  
Кел көне, ақын болсаң қапталыма,  
Аптығын басушы едім қағынғаның.

### Әbdімұтәліп:

Бар екен інім сенде таудай талап,  
Өзінді аскар белге тұрсың санап.  
Өзінде бар, өзгеде жоқ деп ойлама,  
Мұтәліп мұны естіп жатпас қараң,  
Ағаннан бір ауыз сөз тында, қалқам,



Атағы шығып жүрген ақын Манап.  
Мұтәліп көпке мәлім болмаса да,  
Өзінмен айтысуға еткен талап.

Тенізге кез боп қалдың, шетсіз-шексіз,  
Өзінді қарсы аламын кеме санап.  
Ақынға ауып тұрса ықыласың,  
Жинағың көпшіліктің бүгін басың.  
Ағаңдан жасың кіші боп шығады,  
Ағарып кеткенменен кірпік, шашың.

Бұл айтыс бола бермес күнде-күнде,  
Барады арқам қызып менің мұлде.  
Егерде ағаң адам тани білсе,  
Тап биыл сенің жасың елу бірде.  
Оздым деп мен айрықша қалың жүрттан,  
Халқынан ешуакытта күдер үзбе.  
Құлак сал, ақын Манап, бір азғантай,  
Көрейік өлең айтып бүгін біз де.

Айт дедің ақын Манап табысынды,  
Азғантай көрсетейін шабысымды.  
Атакты Сырдария өзің білер,  
Ешкімге жібергем жоқ намысымды.

Қойды айтсам қон астаудай бәрі семіз,  
Көктемде көпшілігі туар егіз.  
Жүзіне жүз онбестен алу төлді,  
Осылай міндеттейміз бізден негіз.

Өсірген актылы қой шопандарым,  
Өзіннің бағылғалы отарларын.  
Күндіз-түн қой соңында семіртуде,  
Атпенен мініп алып отарларын.  
Аудан боп жұмыла бәрі кірісіп тұр,  
Айшаның көбейтуге қатарларын.  
Ол Айша Еңбек Ері көпке мәлім,

Білесің мен айтпай-ақ тегіс бәрін.  
Күйеуін қан майданға аттандырып,  
Қабылдап алып қалған отар малың!

Кой қонды жұрттан асып өнім берді,  
Жұзіне жүз жетпістен төлін берді.  
Атанды күрметпенен Еңбек Ері,  
Ақталды партияның сенімдері.  
Дегендей Ер Айшаның ізбасары,  
Айтуға басқаны да кезің келді.  
Жұмаділ Мінайдаров қандай шопан,  
Бір күні арнап барып өзім көрдім.


Олардың баққан қойы тіптен күйлі,  
«Ауданың чемпионы бұлар», - дейді.  
Жұзіне жүз жетпістен төлді беріп,  
Үш жылда қора-қора қозыны үйді.

Әбілхан, Дүйсен, Фани, Манасым бар,  
Айтатын бұған қандай таласың бар.  
Бәрінің омырауы толған орден,  
Қыдырса жарқыратып тағып шығар.

Қалқам, бір азғантай салсан құлак,  
«Ауданда сүт қалай?», - деп қойсаң сұрап.  
Атақты Піржанова Баяным бар,  
Ағызған дария ғып сүттен бұлак.

Белгілі Манабаев бір бас малдан,  
Жұз бұзау, жұз сиырға жылына алған.  
Келіден үш жұз жиырма етке берді,  
Табыс деп осылы айтады, міне, малдан.

Даланың түйе малы кемесіндей,  
Өркеші аскар таудың белесіндей.  
Атақты Әужемитов Әмірбек бар,  
Даланың кемесінің киесіндей.



Алып тұр жүз інгенге алпыс бота,  
Келе жатыр осылардан кем өсірмей.  
Анасын емін-еркін емген бота,  
Бір жылда өсіп шығар енесіндей.

Шапқанда суылдаған құйрық, жалы,  
Еті бал, жануардың сүті дәрі.  
Сойсан ет, көлік болар, саусан бұлак,  
Айрықша сүйкімді ғой жылқы малы.

Жылғадиев жылқышы ата аты шыққан,  
Жүз құлын жүз биесі құлындағы.  
Осылай тапсырманы алып еді,  
Міндетін бұлжытпастан орындағы.  
Сіздерде бұл сықылды кісі бар ма?  
Бар болса, Манап ақын, айтшы кәні ...

### Манап:

12

Айтайын ал, Мәке, сізге сөз кезегінде,  
Жөн емес айтпай кету кез келгенде.  
Білерсің Жаңақорған ауданымда,  
Кім қарсы тұрар аға өрлегенге.  
Естіп те жатқан шығарсың табысымды,  
Шалқыған Шалқиядай кен де менде.  
Одакқа атағы бар белгілі ғой,  
Курортым шипа болар ем де менде.  
Бас ауырып, балтырың сыздағанда,  
Оны бара көрерсіз сенбегенде.  
Бес аудан аймағына сиып кетер,  
Көк теңіз байқап жүрсен жер де менде.  
Саға алып Сыр бойынан ағатұғын,  
Каналым жарты дария селдегенде.  
Үш есе Сырдариядан күріш ексек,  
Шығатын сонда төрге сен бе, мен бе?  
Кой малым облыста бар ауданнан,  
Үш есе сізден артық кем дегенде.  
Жатады жер қайысып көктем болса,



Тау мен Сыр арасында төлдегенде.  
Күрішші Қамар, Әнуар, Керім, Қамбар,  
Арапбекті айтамын ер дегенде.  
Камшаттың сінлілері біздер жакта,  
Әзия, Айша одан кем келген бе?  
Ағалығың бар боп тұр, бүрер едім,  
Қаршығадай қоян ап, сермегендей.  
Кіші болсан ұрысатын әдетім бар  
Кететін ат сауырына өнгергендей.

Уа, аға, мақтандының, мақтанған жөн,  
Орынсыз босқа мақтау жөн келер ме?  
Шынымен табыс болмай бос сөзбенен,  
Ешкім сене қоя ма, әр дегенге?  
Өнер мен еңбек жақтан кезің бар ма,  
Ең болмаса, бірер жыл ерлекенде.  
Жайың мәлім, ағажан, байқап қара,  
Облысың тоспа соғып бермегенде.

Басқарып бір совхоздың асханасын,  
Инженер-технолог боп ақша аласың.  
Бір жылда атың шықпай ақын деген,  
Халқыңды елеусіз ғып тастағасын.  
«Аға» деп аузым бармай отыр менің,  
Басқа айтар ем не деген маскарасын.  
Облыс емес ауданның бір мәрте рет,  
Не мактандып шымылдығын ашпағасын.  
Қызметінің атағын, атын да білмей қойғасын,  
Анау-мынау деуіме тәп-тәуір жаксы ағасын.  
Әжептеуір «інім» деп отырып-ак,  
Бүркіттей қызыл көрген бас саласын.

Білмеймін қалай, ағажан,  
Атағың жүрген білінбей.  
Шынымен болсан атакты,  
Ақындардың біріндей.  
Әйтеуір айтып жатырсын,  
Жел сөзім деп кідірмей.



Байқап айт, отқан ортан,  
Өз үйің емес қой.  
Манаптың кетші, кәнекей,  
Алдында бір сүрінбей.  
Мен де сізге куанам,  
Сөз тапқанға мұдірмей.  
Бәйге қайда, ағажан?  
Жатыш алар, жүгірмей.

Мен сізді кінәламаймын,  
Жұрсің деп неге еленбей?  
Рахмет, жайың бар  
Бұл думанға келгендей,  
Сөзіңе риза болды інің  
Бар екен дәрпің сенердей.  
Халыққа қызмет етейік  
Нартай менен Кенендей,  
Екеумізге жұрт болар  
Сол уақытта сенердей.  
Олай-бұлай бұлтарсан,  
Ініңің, аға, жөні жок  
Дегеніңе көнердей.

### Әбдімутәліп:

Айналайын, Манабым,  
Өлеңін тында ағаның.  
Шабулы жүрген жүйріксің,  
Халыққа артық бағалым.  
Құр емес мынау ағаң да,  
Киялдан сөзді табамын.  
Қалсам дағы қартайып,  
Тұлпардай-ак шабамын.  
Ұят емес пе, Манапжан,  
Менсінбей мені қалғаның,  
Құлақ салсан, Манапжан,  
Бір азғантай сөзіме.  
Таныстырып кетейін,  
Осы жерде өзімді.



Мұтәліп деген ақынмын,  
Көрініп тұрған өзіңе.  
Тұскенім жоқ қалай да,  
Ортасына кеңестің.  
Жамандасаң жаманда,  
Қара жаяу емеспін.  
Өзіндей озған ақыннын,  
Талайымен теңестім.  
Женемін деп қалайда,  
Алдыңда аға тұрғанда,  
Артыңда ерген інісі,  
Жағаласса жарай ма?

Өлеңмен, Манап ақын, тегістедің,  
Жоктай-ақ ауданында кемістерің.  
Газеттен жазылатын көріп жүрміз,  
Сенің бұл айтқаныңа келіспедім.  
Айқай сап домбыра алып отырғанда,  
Ойыңдан шыққан екен-ау Тұгіскенің.  
Және де Сұнақата совхозың бар,  
Белгісіз қайда еккені қүріштерін.  
Сүт бермей екеуі де осы күнде,  
Белгісіз сауған сүтті кім ішкенін?  
Детсадтың балаларынан сұрай қалсан,  
Деп айттар: «шынын айтсам, түк ішпедім».

Өзгентің, Келінтөбе, Сұнақатан,  
Өзара сынды бүгін айтсақ қатан.  
Қалтырап арық сиыр тоңғаннан соң,  
Апарар таразыға жауым шапан.

Көтерем көтермеге зорға шыдар,  
Екі жұз алпыс келің зорға шығар.  
Ортадан қоңы тәмен болғаннан соң,  
Кайтадан зияны көп сорға шығар.

Түркістан совхозың тұр жақын Сырға,  
Қоймадың мұныңызды неге сынға.



Егіні үш жыл болды бітпей жатыр,  
Тұрса да Сыр қасында, зар боп суға.

Алады жұз биеден тоғыз құлын,  
Жылдағы әдеті осы дейді оның.  
Сексен бестен қозы алар жұз басынан,  
Не деген совхоз еді кеткен қырын.

Совхоздың директоры Эбсаматов,  
Ойпырмай, қалай шыдар тыныш жатып.  
Он жеті ауылшаруашылық машинасы,  
Құрыған деп айтады құмға батып.  
Манабым, салшы құлақ бір азғантай,  
Ағаннан женілерсің қарап жатып.  
Қырық тоғыз трактордың жиырма алтысы,  
Орнында қалған дейді тіпті қатып.  
Жиырма машинаның оны жүрмей,  
Көргендер жүр осы күні көп танырқап.



Жұрсіздер қалай шыдап бұл ісіне,  
Бастықтың осылайша жүрісіне.  
Бір миллион алты жұз отыз мың сом,  
Бір ғана қарызданған жыл ішінде.  
Манап-ау, неғып жұрсің араламай?  
Арасын ауылыңның жағаламай?  
Мәдениет қызметкері емессің бе?  
Жақсыны мактап, жаманды табаламай.

Осыдан барып бюро құрғызсан да,  
Бастықтың бірлеп шашын жүлғызсан да.  
Жабылып аудан болып болар еді-ау,  
Бір жылда аяғынан тұрғызсан да.

Совхозың, ақын Манап, Төменарақ,  
Сыр бойын жатқан сол жер түгел алып.  
Ағана кезек бермей домбыра альп,  
Сөйлегің келіп отыр айқай салып.

Ағаң да бір-екі ауыз өлең айтсын,  
Сөзімді тында Манап хабарланып.

Совхоздың Төменараық қасындағы,  
Ол үйымдасқан еді ғой басындағы.  
Үш жылда төрт мың басқа қойы кеміп,  
Жұр дейді Алтыбаев жасырғалы.  
Қойы арық, қора нашар, күй жетпеген,  
Арығын жануардың емдетпеген.  
Арықтан өлген қойды Алтыбаев,  
«Өлді, - деп - акті жасатты індепенен».

Қанаев деген кім еді, дүр шығыпты,  
Бұл дүние ұмытыпты тіршілікті.  
Тоғыз комбайн, он үш жаткасымен,  
Жаткаларға өмірі жазылмайтын зіл шығыпты.  
Тозды деп акті жасап барлығына,  
Көп мұлік топыракқа тұншығыпты.

### Манап:

Ей!, Мәке, ісің жоқ қой мақтанаарлық,  
Жағдайынды ойласың сақтанаарлық.  
Манаптан қайткенде де құтылам деп,  
Газеттен жұр екенсің акпар альп.  
Мейлі, неде болса кеміс болса,  
Жасырмaston ауылға ап баражық.

Біз ақын емеспіз ғой таласатын,  
Адамбыз ғой, жағдаймен санасатын.  
Халықтың қарсы алдында түсіндіріп,  
Жүрміз біз партияның саясатын.  
Канша айтқанмен сізде, бізде басшылар бар,  
Өзі жүрген жолынан адасатын.



# ӘБДИМУТӘЛІП ҚЫРАУБАЕВ ПЕН ҚАЛИ ШЫҢҒЫСОВ

## Әбдімутәліп:

Көпшілік, сәлем берем бәріңізге,  
Кемел жас, терең ойлы кәріңізге.  
Мереке Алпыс жылдық келді, міне,  
Сол болмақ жырымыз бен әніміз де.

Бүгін той болып отыр сәніменен,  
Шығып тұр бұл өлеңдің бәрі менен.  
Көпшілік рұқсат ет мен айтайын,  
Манаптың жаңағы айткан әніменен.

Ақыны, аманбысын, Кармақшының,  
Жүрсің бе, қатарында көп жақсының?  
Екеуміз екі ауданың ақыны едік,  
Мен сенің әріптесің болмақшымын.

Сейлейік көп алдына келгеннен соң,  
Жырлайық әділдіктің қорғап шынын.  
Ауданың жетістік пен кемшілігін  
Алдына жайып жүргіттың салмақшымын.  
Алпыс жыл мерекесі құрметіне  
Колыма домбырамды алмақшымын.

Алпыстың шықтың, халқым, асқарына,  
Конып тұр бакыт құсы бастарыңа.  
Жайдарлы, жарқын жүзді қазағым бар,  
Үйреткен үлгі-өнеге жастарыңа..  
Өлеңім толқын болып аспанға атты,  
Арналған өздеріндегі достарыма.  
Құрметтеп, дос куансын табысты айтып,  
Дариядай бақыттың тасқанына.  
Елімнің ен байлығы арта бермек,  
Партия, үкіметім басқаруда.  
Қаз тұрған кеше ғана жайлау еді,



Қарандар, қарыш қадам басқанына.  
Жер жүзі таң қалады осы бүгін,  
Қазақтың талай белден асқанына.  
Шығардық уран, темір, мұнай, көмір,  
Алтын, мыс жарқыраған тастарым да.  
Әдейі арнап түрмүн бұл сөзімді  
Бакытты өздеріндегі достарыма.

Әр елдің бар қанатты көп ұлдары,  
Сәлем алып, бізден үшар аспанына.  
Жол сілтеп келешекке бағыттаң тұр,  
Партия күндіз-түні қастарында.  
Космонавт бізден үшып, бізге қонған,  
Бірнеше ай шарықтаған аспанында,  
Көсемнің жүз он жылдық мерекесі,  
Тойланып жер жүзінде жатқанында.  
Оныншы бесжылдықтың қорытындысы,  
Шабытпен еңбек еткен жастары да.  
Женістің отыз бес жыл толуына  
Бейбіт ел қуанышпен шаттануда.  
Алдымда XXVI съезі бар партияның,  
Жер жүзі құлақ қойып токталуда.  
Айтпады Манап неге, мен таңғалдым,  
Облыс сахнасын ашқанында?

Елім бар бейбіт өмір сүріп жатқан,  
Ерім бар кеудесіне орден таққан.  
Жерім бар ел байлығы қойнауында,  
Дарияның ортасынан шалқып акқан.

Француз болсын мейлі, испан, латын,  
Біледі барлығы да қазақ атын.  
Бас иеді, көре қойса құрметтейді,  
Тұыскан, бауырластай болар жақын.  
Адам жоқ танымайтын айта қойсан,  
Әуелбек ағамыз бер Аскар ақын.  
Себебі, данқы шыққан бұл кісілер,  
Жер-жердің көріп жүрген ғаламатын.



Көпшілік, табыстарың шарықтасын,  
 Эн мен күй осындайда қалықтасын.  
 Қарт ақының ортаңа шықты бүгін,  
 Сөйлеуге екі сағат жалықпасын.  
 Табиғаттың маған берген қасиеті,  
 Білемін, өлең айтсам тарықласпын.  
 Қалижан, аманбысын, замандасым,  
 Сөзі өткір, ойы терең ак алмасым.  
 Қашаннан озып жүрген жүйрік едін,  
 Тап бүгін атың қалай шаба алмасын.  
 Деген бар топта сойлер шешен кісі,  
 Шын ақын неге сөзді таба алмасын?  
 Есімім Қыраубаев Мұтәліппін,  
 Өз жайын әріптесім хабарласын.  
 Айтысып көп ішінде тұрғаннан соң,  
 Бұл өлең саған да сын, маған да сын.  
 Қолыңа домбырасы тие қойса,  
 Білдің бе, ағаң өлең таба алмасын?  
 Сырдария ауданынан келдім бүгін,  
 Өлеңім - арнайтұғын соған жырым.



Айтысып енді екеуміз кез келіп қалдық,  
 Сайрасын бір азғантай қызыл тілім.  
 Қай уақытта шабыс болмай, табыс болмас,  
 Айтайын сол табысты енді бүгін.

**Қали:**

Мұтеке, біраз жайды баяндадын,  
 Күшінің салып бәрін аянбадын.  
 Намысын қорғап облыс, ауданың да,  
 Ақынсың аралаған ой орманын.

Бәріміз Сыр бойының ақынымыз,  
 Сыр бойы қастерлеген ата ұлымыз.  
 Айтыссак айтысамыз кіммен тағы,  
 Оған жетер, білеміз, батылымыз.

Бұл істе менің-дағы үлесім бар,  
 Еңбекте қарқын бермес үлесім бар.

Санамда коммунистік қоғам болса,  
Аузымда Лениндей ұлы есім бар.

Сөз  
Айт десен, ақын інің айта алады,  
Мықтылық осындайда байкалады.  
Аулымда Қасымтайдай ерлерім бар,  
Ерлігін Маресьевтің қайталады.

Тәйімбет ешбір жаудан қорықпаған,  
Сазайын жаудың беріп соғымдаған.  
Ауданда ерлерім көп, оу, Мүтеке,  
Бесжылдықты төрт-ак жылда орындаған.

Ақындар ел намысын көп жырлаған,  
Айта алам ол ерлерді бір ғалам деп.  
Омар мен Балқы Базар, Кете Жүсіп,  
Мактанам жерлесім деп Тұрмағамбет.

Дүрлерден даңқы шықкан тәлім алдым,  
Жырымды жыр күмбезден жонып алдым.  
Осындай айтыска да келгенімде,  
Мен неге сөз таба алмай қамығармын.

Дауысым сол дауыска қосылмай ма?  
Мұдірмей кездессек те тосын жайға.  
Ақын аға, өнерде сайысайық,  
Мұдіріп токтап қалма осындайда.

Мүтеке, айыш етпе мактанды деп,  
Бар сырын мына інің актарды деп.  
Ал, енді жүлде алған ақынсың ғой,  
Құрулы шап еткізбе қакпанды тек.

Бәрір қакпанынан сескенбеймін,  
Сізбенен осы жолды кезсем деймін.  
Кездескен кемшілікті осындайда,  
Өзінмен ақылдасып шешсем деймін.



## Әбдімүтәліп:

Ақын ба әділ сөзге токтамаған,  
Ақынның айтқан сөзі хатта қалған.  
Шырағым, байқауымша айтып тұрсын,  
Аулында өлеңінді жаттап алған.

Куаныш қиялдан сөз тапқанынды,  
Мақтандың айтып өлең жатқанынды.  
Және де уайым қылыш сен отырсын,  
Аякқа құратұғын қақпанымды.

Ақынның айтқан сөзі өткір алмас,  
Шын ақын ойдан өлең таптай қоймас.  
Қашаннан қасиеті ақындардың  
Бір сөзі бір сөзіне шығар жалғас.  
Ал енді ол сөзінді коя тұрыш,  
Ауданыңың табысын айтпай болмас.



## Қали:

Осындей топ алдында басқалардың,  
Өзімді бой көтеріп баптағанмын.  
Сынынды айта берші, ақын аға,  
Мен неге жасқанамын, сақтанамын.

Колхоз бар Аманкелді атындағы,  
Ол өзі алыс емес жақын маңы.  
Шопаны сол совхоздың Тұймебай бар,  
Бізге айтып бар жағдайын қатырғаны.

Базарқұл жұбайы оның Батыр ана,  
Барғаның ол жерге де мақұл, аға.  
Анаға көп жағдайлар жасалмапты,  
Шығарда білген дұрыс, сахнаға.

Ауданың алыс емес осы жерден,  
Қаланың байқалады көшіне ерген.

Сізді іздең барғанымда мас бол жүрген,  
Жүре алмадым аяқ алып есіл ерден.

Бар екен жол бойында,  
Ол өзі исполкомға таяу ғана.  
Мастарды «қайда екен?» деп іздей қалсан,  
Табасың көп ұзамай жаяу ғана.

Көре кет барсаң егер тазалықты,  
Күл-қоқыс орталықты, базарынды.  
Қайтсін байғұс, тілшілер бұл жайынды,  
Газетте «Ақтайға ашық хат» жазылыпты.

Айт десен, ақын аға, айта берем,  
Найзамды ұштаймын да, қайта кірем.  
Қакпанды шап еткізем деп отырсыз,  
Жасың үлкен болса да, «байқа»- дер ем.

### Әбдімүтәліп:

Өлең бе мынау сөзің далбаса ма,  
Өлең деп айтқаның бұл жараса ма?  
Өлең емес екендігін ақын білер,  
Көпшілік мұны тон деп санаса да.  
Екі ақын сөйлеп сөзге таласады,  
Қалидың әнгімесін байқадың ба?  
Мен қалдым естігенде тамашаға.  
Дастарханда айтатын өлең екен,  
Көpte емес айтатұғын оңашада.

Көріп тұр кемшілікті көзім дейсін,  
Ақындық айтып тұрған сөзім дейсін,  
Өзінді өзің қанша көтергенмен,  
Сен маған шын ақын болып көрінбейсін.  
Айтайын ауданынды мактан көрген,  
Қанша сен мактасан да семірмейтін.  
Аурумен қыра жаздал биыл бәрін,  
Бұзауы көп өліпті сиырлардын.